



**«Мемлекеттік басқарудағы персонал сәйкестігін тану орталығы» ПСРО
Үміткерге арналған жадынама**

Құрметті үміткер!

ҚР СТ ISO Ұлттық стандартының талаптарына персоналдың сәйкестігін растайтын емтиханында сізді көруге қуаныштымыз.

Емтихан жобалық менеджмент саласындағы үміткердің кәсіби және жеке қасиеттерін анықтауға бағытталған.

Емтихан Сіз таңдаған сертификаттау кестесіне сәйкес бір немесе бірнеше тәсілмен (жазбаша, ауызша, практикалық түрде) өткізіледі.

Жобаларды басқару саласындағы ҚР СТ ISO Ұлттық стандарттарының талаптарына сәйкестігін растау:

I схема «Жобаның басшысы»: тестілеу уақыты – 80 минут.

II схема «Бағдарламаның басшысы»: эссе уақыты – 60 минут.

III «Портфель басқарушысы» схемасы: сұхбат уақыты – 40 минуттан аспайды.

IV «Тренер-кеңесші» схемасы: кешенді емтиханға уақыт – 180 минуттан аспайды (тестілеу – 80 минут, эссе – 60 минут, сұхбат – 40 минуттан аспайды).

Үміткердің жалпы бағасы 70%-дан жоғары болса ол емтиханды сәтті тапсырды деп саналады.

Емтихан кезінде үміткерлерге тыйым салынады:

- нормативтік, анықтамалық, оқу және басқа әдебиеттер мен материалдарды пайдалану;
- қабылдау және тарату электрондық құрылғыларын (ұялы телефондар мен басқа да электронды жабдықтарды қоса) пайдалану;
- басқа үміткерлермен сөйлесу;
- емтихан сұрақтарының мазмұны туралы ақпаратты көшіруге және басқа адамдарға беру;
- дербес компьютерден немесе ноутбуктен басқа қойындыларға кіру;
- аудиториядан емтихан тапсырмалары мен жауап парақтарын шығару;
- емтиханда алкогольдік, токсикалық немесе есірткілік мас күйінде болу;
- емтихан кезінде алаяқтыққа қатысу;
- емтиханды өткізу тәртібін бұзу.

Емтихан комиссиясы өз жұмысында әділдік, объективтілік, этикалық және ашықтық қағидаттарын басшылыққа алатынын ескертеміз.

Емтихан техникалық жазба құралдарының көмегімен жүргізілетіндігін хабарлаймыз.

Емтиханға бөлінген уақыттан кейін сізге емтихан хатшысына емтихан тапсырмаларын және толтырылған жауап парақтарын тапсыру қажет.

Емтихан нәтижелері емтихан өткізілген күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде өтініштерде көрсетілген кандидаттардың электрондық мекенжайларына жіберілетін болады.

Емтиханды өткізу тәртібімен таныстым

_____ *Қолы*

_____ *үміткердің ТАӘ*

Күні: _____

Сәттілік тілейміз!